

# **АНА ТІЛІ**

## **ЖӘНЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ**

**1-бөлім**

*Жалпы орта білім бөретін мектептердің  
1-сыныбына арналған оқулық*

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру  
министрлігі баспаға ұсынған*

**Жаңа басылым**



**ТАШКЕНТ – 2021**

*Құрастыруышылар:*  
Н. Абдувалитов, М. Байтураева, Б. Джулдібекова

**Пікір жазғандар:**

- A. Нисанбаева** – Низами атындағы ТМПУ доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.
- Г. Сулеева** – Бектемир ауданы 290-мектеп бастауыш сынып оқытушысы.
- 3. Сарсенова** – Төменгі Шыршық ауданы 12-мектеп бастауыш сынып оқытушысы.

**ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:**



**Айтылым**



**Сұрақтар**



**Жазылым**



**Оқылым**

Респубикалық мақсатты кітап қоры қаржысы  
есебінен басылды.

Оригинал макет және дизайн концепциясын  
Респубикалық білім орталығы жасады.

**Ана тілі және оқу сауаттылығы** 1-сынып [Мәтін]: оқулық /  
Н. Абдувалитов [тағы басқ.] 1-бөлім. – Ташкент: Республикалық  
білім орталығы, 2021. – 104 б.

УУК 811.512.122(075.3)  
КБК 81.2(5Каз)я72

## МАЗМҰНЫ

|   |    |
|---|----|
| <b>I тарау. Мен, сен, ол және олар .....</b>        | 5  |
| 1-сабақ. Менің жанұям .....                         | 5  |
| 2-сабақ. Бұлар маған кім? .....                     | 6  |
| 3-сабақ. Менің туыстарым .....                      | 8  |
| 4-сабақ. Өз үйім-өлең төсегім .....                 | 9  |
| 5-сабақ. Абай .....                                 | 10 |
| 6-сабақ. Аулада .....                               | 11 |
| 7-сабақ. Ташкент .....                              | 12 |
| 8-сабақ. Отан .....                                 | 14 |
| 9-сабақ. Өзбекстан .....                            | 15 |
| 10–11-сабақтар. Менің күн тәртібім .....            | 17 |
| 12-сабақ. Ертеңгілік жаттығулар .....               | 19 |
| 13-сабақ. Салауатты өмір салты .....                | 21 |
| 14-сабақ. Үстел теннисі .....                       | 22 |
| 15-сабақ. Спорт түрлері .....                       | 23 |
| 16-сабақ. Менің бос уақытЫМ .....                   | 25 |
| 17-сабақ. Мерекелер .....                           | 27 |
| 18-сабақ. Сыйлық .....                              | 28 |
| 19-сабақ. Жаңа жыл .....                            | 29 |
| 20-сабақ. Туған күн .....                           | 30 |
| 21-сабақ. Сенің бүгін туған күнің .....             | 32 |
| 22-сабақ. Айналайын .....                           | 33 |
| 23-сабақ. Мен не үйрендім? .....                    | 34 |
| <br>  |    |
| <b>II тарау. Табиғат сыйы. Жасыл ғаламшар .....</b> | 36 |
| 24-сабақ. Табиғат сыйы .....                        | 36 |
| 25-сабақ. Су айналымы .....                         | 37 |
| 26-сабақ. Кемпірқосақтың жеті түсі .....            | 38 |
| 27-сабақ. Табиғатпен дос болам .....                | 40 |
| 28-сабақ. Ұнатам .....                              | 41 |
| 29-сабақ. Бұтақ пен Терек .....                     | 43 |
| 30-сабақ. Аққайың .....                             | 44 |
| 31-сабақ. Жасыл бағым жайнаған .....                | 45 |
| 32-сабақ. Бидай мен кекіре .....                    | 46 |
| 33-сабақ. Туған өлке .....                          | 48 |
| 34-сабақ. Төрт мезгіл .....                         | 50 |
| 35-сабақ. Қыс келді .....                           | 51 |

|                                   |                                     |           |
|-----------------------------------|-------------------------------------|-----------|
| 36-сабақ.                         | Көктем .....                        | 52        |
| 37-сабақ.                         | Үй жануарлары.....                  | 54        |
| 38-сабақ.                         | Үй жануарларының таласы.....        | 55        |
| 39-сабақ.                         | Жанашыр Жандос .....                | 57        |
| 40-сабақ.                         | Бөрте мен Нұржан.....               | 59        |
| 41-сабақ.                         | Қүшіктің иесі кім?.....             | 60        |
| 42-сабақ.                         | Ізшіл .....                         | 62        |
| 43-сабақ.                         | Құсбегі.....                        | 63        |
| 44-сабақ.                         | Жасыл теңіз тасбақасы.....          | 64        |
| 45-сабақ.                         | Дельфин .....                       | 66        |
| 46-сабақ.                         | Мен не үйрендім?.....               | 67        |
| <b>III тарау.</b>                 | <b>Денсаулық терең байлық .....</b> | <b>68</b> |
| 47-сабақ.                         | Шие тергенде .....                  | 68        |
| 48-сабақ.                         | Жемістер мен көкөністер .....       | 70        |
| 49-сабақ.                         | Қияр мен қырыққабат .....           | 71        |
| 50-сабақ.                         | Жеміс бағында .....                 | 72        |
| 51-сабақ.                         | Жұзім жегісі келген Қасқыр .....    | 73        |
| 52-сабақ.                         | Көкөніс .....                       | 75        |
| 53-сабақ.                         | Дәрумендер .....                    | 76        |
| 54-сабақ.                         | Сәбіз.....                          | 77        |
| 55–56-сабақтар.                   | Тәнім менің тіл қатар .....         | 78        |
| 57-сабақ.                         | Менің жадым – менің байлығым .....  | 81        |
| 58-сабақ.                         | Ақ серек пен көк серек .....        | 82        |
| 59-сабақ.                         | Тақия тастау .....                  | 83        |
| 60-сабақ.                         | Тоғызқұмалақ .....                  | 84        |
| 61-сабақ.                         | Асық .....                          | 85        |
| 62-сабақ.                         | Арқан тарту .....                   | 87        |
| 63-сабақ.                         | Спорт .....                         | 87        |
| 64-сабақ.                         | Спорт үйірмесі .....                | 89        |
| 65-сабақ.                         | Футбол .....                        | 90        |
| 66–67-сабақтар.                   | Хоккей .....                        | 92        |
| 68-сабақ.                         | Ирода Төлегенова .....              | 94        |
| 69-сабақ.                         | Мен не үйрендім? .....              | 95        |
| 70–71-сабақтар.                   | Қайталау .....                      | 96        |
| Өткен тақырыптарды қайталау ..... | 100                                 |           |

# І ТАРАУ. МЕН, СЕҢ, ОЛ ЖӘНЕ ОЛАР

## 1-сабак. Менің жанұям



Менің атым – Ержан. Менің жанұям үлкен. Жанұядыңда сегіз адам бар. Олар: атам, әжем, әкем, анам, әпкем, інім, қарындастым және мен.



5




1. Суретте кімдер бейнеленген?
2. Олардың көрінісін суреттеп бер?
3. Олар не істеп жатыр?
4. Жанұядыңда кімдер өмір сүреді?

**Кісінің аты-жөні бас әріптен басталып жазылады:** Айдана, Айнұр, Нұрислам, Қайрат.



**1-тапсырма.** Қызықты жаттығу.

**Шежіре ағашын жарату.**



6

1. Ақ қағазға алма ағашының суретін салу.
2. Алма көрінісіндегі қағаз бөліктерін қиу.
3. Алма бөліктеріне жанұя мүшелірінің аты-жөнін қатесіз жазу.
4. Алма бөліктерін ағашқа желімдеу.

## **2-сабак. Бұлар маған кім?**



**1-тапсырма.** Суреттер мен сөздерді сәйкестендір. Сөйлем құраС жаз.

Улгі: Менің әпкем ақылды.

Менің



батыр.

Менің



ақылды.

Менің



көңілді.

Менің



әдемі.



**2-тапсырма.** Бұлар маған кім?

7



Нағашы – анамның ағасы, інісі.



Нағашы атам – \_\_\_\_\_



Нағашы әжем – \_\_\_\_\_



Нағашы әпкем – \_\_\_\_\_

### 3-сабак. Менің туыстарым



**1-тапсырма.** Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып оқы.



-ди

-ды

Мен -ды жақсы көремін.



-ди

-ди

-ды



**2-тапсырма.** Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

8

Менің



шахмат ойнайды.

Менің



эткеншек тебеді.

Менің



велосипед тебеді.

## 4-сабақ. Өз үйім-өлең төсегім

(Ел аузынан)



Бұл мәтелдің: Өз үйім кең сарайдай боз үйім дегенде не нұсқасы бар.

Яғни кең сарайдай боз үйде біреуге жалтандаپ тұрғанша, кең көсіліп, еркін жатып тұратын жаман лашық болса да, өз үйім артық деген ойды мензейді.

Жиренше үнемі Жәнібек ханның сарайында тұрады еken. Бірақ ханнан: Үйіме барып келейін, – деп сұрана беріпті.

Хан бір күні Жиреншені үйіне жібереді. Сонда осының үйін көрейінші – деп, өзі де оның соңынан барыпты.

Хан келсе, Жиренше керіліп-созылып, аяғы құркесінен шығып жатыр еken. Хан күліп:

Шешенім-ау, үйім-үйім дегенің осы ма? – депті таңдана. Сонда Жиренше:

– Иә тақсыр «Өз үйім – өлең төсегім» – депті масаттана.

9

### Сөздікпен жұмыс.

**Шешен** – сөзге ағып тұрған шебер, тілге жүйрік адам.

**Боз үй** – ақшыл киізден жасалған үй.

**Лашық** – тозған баспана.



1. Жиреншенің «жаман лашық болса да, өз үйім артық» деген сөзінде қандай мағына жатыр?



**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазындар.

Жанұям (қандай) ... болсын.

...  
...  
...  
...

**Керекті сөздер:** аман, бақытты, бай, берекелі, тату, тыныш, үлгілі, егінді.

**2-тапсырма.** Жиренше шешеннің масаттана айтқан жауабын дәптерге көшіріп жаз.

### 5-сабак. Абай

10

Абай – жас кезінде ертегі, жырларды тыңдағанды жақсы көретін еді. Әкесі Құнанбай оны Омбы қаласына оқуға жіберді. Абай жазда ауылдана келіп демалатын. Әжесі Зере ертегі, батырлар жырын көп билетін. Абай оны сүйсінене тыңдайтын. Анасы Ұлжан да әңгімешіл еді.



1. Абай нені тыңдауды ұнатар еді?
2. Әкесі Абайды қай қалаға оқуға берді?
3. Абайға ертегілерді кімдер айтып беретін еді?



**1-тапсырма.** Берілген мәтіннен кісі аттарын дауыстап оқы. Не үшін кісі аттары бас әріппен жазылған?



**2-тапсырма.** Мәтін мазмұнынан келіп шығып, реңді қатарлардағы сөйлемдерді тәртіппен орналастыр.

Анасы Ұлжан да әңгімешіл еді.

Әжесі Зере ертегі, батырлар жырын көп билетін.

Абай оны сүйсіне тыңдайтын.

Абай жазда ауылыша келіп демалатын.

## 6-сабак. Аулада



Жерде жылтыраған қырбық қар бар.  
Есет қалың қиініп далаға шықты.  
Есептің ойына Гүлнұр апайдың: «Балалар,  
ертең күн жексенбі. Үйлерінде дем алыңдар,  
таза ауада жүріп серуендендер», – деген  
сөзі түсті.

Ол қора маңында біраз жүрді. Денесі тоңазыын деді. Бір кездे көрші ауладан қар күреген адамның дыбысы естілді. Бұл көрші Әбен атай екен. Ол Есепті жылы шыраймен қарсы алды. Содан соң айтты:

– Балам, анау күректі алып келіп, маған жәрдемдесші, – деді.

## I тарау. Мен, сен, ол және олар

Есет жүгіріп барып, кішкене құректі алғып келді де, атайға көмектесе бастады.

– Әнегіз, балам, әп-сәтте жылдың да қалдың. Мен сенің аулада қорбызып, тоңып тұрғаныңды көргенмін. Қайтер екен деп едім. Жақсы бала екенсің. Өркенің өссін! – деді.

Әбдіманап Тасболатов



1. Мәтін не туралы?
2. Есет кімге көмектесті?
3. Есет бала-бақшаға неліктен асықты?



**1-тапсырма.** «Менің жексенбі күнім» деген тақырыпта сұхбат құр.



**2-тапсырма.** Сөйлемдегі дауысты дыбыстардың астын сызындар.

Кенет Есептің ойына Гүлнұр апайдың: «Балалар, ертең күн жексенбі. Үйлерінде дем алындар, таза ауада жүріп серуендер», – деген сөзі түсті.

12

## 7-САБАҚ. Ташкент



Ташкент – еліміздің астанасы. Ол Шыршық өзенінің аңғарында орналасқан ежелгі қала. Ташкенттің жазығыстық, қысы суық емес.

Ташкенттің көшелері кең әрі әсем. Онда биік сәулетті ғимараттар көп. Ташкент білім ордасы. Мұнда жастар білім алады. Қалада

музей, кинотеатр, мұражай, саябақтар және завод, фабрикалар көп.



1. Мәтін не туралы?
2. Ташкенттің ауа райы қандай?
3. Ташкент қаласында нелер бар?
4. Ташкент қаласы жайлы қосымша не айта аласын?

**Жер-су аттары бас әріптен басталып жазылады.** Өзбекстан, Ташкент, Шыршық, Сырдария.



**1-тапсырма.** Берілген сұрақтарға жауап бер?

- Өзбекстанның астанасы қай қала?
- ...
- Ташкент қандай қала?
- ...
- Ташкент көшелері қандай?
- ...
- Ташкент қаласында нелер көп?
- ...

13



**2-тапсырма.** Мәтіндегі бірінші хатбасын дәптерге көшіріп жазындар және ондағы жер-су аттарын тауып, астын сыйзындар.

## 8-сабақ. Отан




Отан деген –  
Желбіретіп туларын,  
Белін мықты буғаным  
Құрыштай бір бірігіп,  
Ата жолын қуғанмын.

Отан деген –  
Жақсыға бет бұрганмын,  
Сән-салтанат құрганым.  
Алмаспаймын ешқашан  
Отанына басқаның.

Мекембай Омарұлы

14

### Сөз жұмбақтың жауабын тап.



- Ұлттар бірлігі, татулығы не деп аталады?
- Мемлекеттік рәміздердің бірі?
- Ұлттың аты?
- Сені өмірге әкелген жан?



- Отан дегеніміз не?
- Отан туралы қандай мақал-мәтедер білесіндер?

Сөйлем – сөздерден құралады. Сөйлем аяқталған соң нүкте (.), леп белгісі (!), сұрақ белгісі (?) қойылады. Әр сөйлем бас әріппен жазылады.

Сөз дыбыстан құралады. Ол белгілі бір мағынаны білдіреді.



**1-тапсырма.** Берілген мақалдарды жалғастыр.

Туған жердің күні де ыстық, .....

Отан – оттан да .....

Отан үшін отқа түс, .....

Отан – отбасынан .....

**Дауысты дыбыстар:** а, ә, е, о, ө, ұ,  
ү, ы, і, и,(у), ю, ё, э.



**2-тапсырма.** Дыбыстық талдау жаса.

Үлгі: Отан – 4 әріп, 4 дыбыс.

Ата, таулар, бақыт.

15



Ағарып атқан ақ таңы,  
Ақ алтынды – мақталы.  
Қаптаған күн аптабы,  
Ғажап өлкем,  
Азат өлкем –  
Өзбекстан! Өзбекстан!

Байлық толы кең далан,  
Гүлге орнаған Ферғанаң.

# I тарау. Мен, сен, ол және олар

Сұлу, көркем айналан,  
Жыр-әнің мол,  
Шуағың мол,  
Өзбекстан! Өзбекстан!

Ташкент қала арайлы  
Күнге күле қарайды.  
Мәңгі көктем мекені,  
Ертегі өлкем,  
Көркем өлкем –  
Өзбекстан! Өзбекстан!

*Полат Момын*



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде отанымыздың қай қалалары ту-  
ралы сөз болады?

16




**1-тапсырма.** Қала аттарын буынға бөліп  
жаз және дыбыстық талдау жаса.

**Улгі:** Ташкент – 2 буын, 7 әріп, 7 ды-  
быс, Самарқант, Ферғана.



**2-тапсырма.** Сурет негізінде сөйлем құрастыр.



## 10–11сабақтар. Менің күн тәртібім



Менің орныққан күн тәртібім бар. Барлық көздеген шаруамды істеп үлгеру үшін мен күн тәртібімді бұзбауға тырысамын. Сонымен менің қысқаша күн тәртібіме тоқтала кетсек. Мен күнделікті сағат 7:00 де тұрамын. Тұрғаннан соң, дене жаттығуын жасаймын. Беті-қолымды жуып, таңғы асымды ішемін. Киініп, мектепке аттанамын. Мектеп үйдің жанында болғандықтан, жаяу барамын. Сағат 8:00 де сабак басталады. Сағат 12:00 да сабак аяқталып, үйге қайтамын. Үйге келгеннен кейін, киімімді ауыстырып, бет-қолымды жуып, түскі асымды ішемін. Одан кейін достарыммен ойнаймын. Тұс қайта сабак оқуға кірісемін. Ата-анам жұмыстан келген соң, бәріміз бірге кешке асты ішеміз. Содан соң, анама ас үйді жинауға көмектесіп, одан кейінгі бос уақытымды өз қалауымша өткіземін. Сағат 22:00 түнгі үйқыға кетемін.



**1-тапсырма.** Мәтіндегі сандарды сөзben жаз.

**2-тапсырма.** Сурет негізінде өз күн тәртібінді жаз.

*Үлгі:*

Мен сағат жетіде үйқыдан тұрдым.  
Тісімді тазаладым.

# I тарау. Мен, сен, ол және олар



Диалогты жаттығу дәптерінде жалғастыр.

18



— Таңғы жаттығулар спорт түріне жата ма?



— Иә, бұл жаттығулар сені күн бойы көңілді, сергек жүруіне және мықты болып өсуіне көмектеседі.



— Ал мениң спортпен айналысқым келеді, бірақ уақыттым жоқ. Сабақ оқымын, теледидар көремін, ойнаймын. Анама да көмектесуім керек. Мен не істесем екен?



**1-тапсырма.** Балалар, Айданаға қандай ақыл-кеңес бересіндер?



**2-тапсырма.** Сурет негізінде әңгіме құрастырып жазындар.



## 12-сабақ. Ертеңгілік жаттығулар



Әр бала үйқыдан оянғаннан кейін гимнастикалық жаттығулар жасауы керек. Жаттығуды бастауда аяқтың арасын алшақтап ұстап, қолды мықынға немесе иыққа қояды. Содан кейін: 1) денені екі жаққа кезек **бұрады**; 2) он қол мен сол қолға кезек **иіледі**; 3) алға қарай иіліп қолды еденге жеткізу керек; 4) қолды белге қойып денені қозғалтады.

«Шанырак» үй-түрмис  
энциклопедиясынан

# І тарау. Мен, сен, ол және олар



1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Сен осындай жаттығуларды жасай аласың ба?
3. Қарамен берілген сөздерге сұрақ қой олар нені білдіреді?



**1-тапсырма.** Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерге талдау жаса.

*Улгі:* Бүрады – 6 әріп, 6 дыбыс.  
Иіледі, қозғалтады.

**2-тапсырма.** Суретке қарап сөйлем құрастырып жаз.



20



## 13-сабақ. Салауатты өмір салты



Адамның денсаулығы қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Өйткені дені сау адамның көніл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан да құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау», – деп орынды айтқан.

Отанымыздың келешегі, көркеюі, балалар, сендердің қолдарында. Сондықтан сендердің таңдауларың салауатты өмір салтын сақтау.



1. Мәтін не туралы?
2. Қалай ойлайсындар? Адамның көніл-күйі, еңбектенуі денсаулыққа байланысты ма?

### Есте сақта!

Спортпен шұғылдан.

Күн тәртібін ұста.

Жеке бас гигиенасын ұста.

Жаман қылыштардан аулақ бол.

21

**Дауыссыз дыбыстар:** б, в, ғ, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, (у).



### 1-тапсырма. Көркем жаз.

Адамның денсаулығы қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Өйткені дені сау адамның көніл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан да құлшына кіріседі.

## 2-тапсырма.

Берілген сөздерге талдау жаса.  
 Үлгі: Спорт – 5 әріп, 5 дыбыс, 1 дауысты  
 дыбыс, 4 дауыссыз дыбыс.  
 Дені, жаны, денсаулық, еңбек.

## 14-САБАҚ. Үстел тенисі



Үстел тенисі – дүниежүзіне кең тараған ойын. Бұл ойынды жеті-сегіз жастан бастап ойнайды. Тоғыз жастан бастап жарыстарға қатысуға болады.

Үстел тенисін жазда аулада, қыста мектептің спорт залы сияқты кең бөлмеде ойнай беруге болады.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан



- Мәтін не туралы?
- Бұл ойынның пайдасы не деп ойлайсың?



**1-тапсырма.** Сурет негізінде әңгіме құрастырып.





**2-тапсырма.** Сөйлемді жаттығу дәптеріне жалғастыр.



Серік пен Қайрат .....



Гүлнұр .....



Айдана мен Бердібек .....

## 15-сабак. Спорт түрлері



Футбол, бокс, күрес, зілтемір, гимнастика – осының бәрі спорт түрлері. Ал спортпен айналысқан адамды спортшы деп атайды. Олардың үздіктерін анықтау үшін жарыстар өткізіледі. Ең басты жарыс – Олимпиадалық ойындар.

Отанымыз өзінің Олимпиада чемпиондарын мақтан тұтады. Суреттегі спортшылар – Өзбекстаннан шыққан Олимпиада чемпиондары. Олар спорттың қай түрлерінен жеңіске жетті деп ойлайсындар?



Оксана Чусавитина



Елнұр Абдураимов

# I тарау. Мен, сен, ол және олар



Хасанбай Дусматов

Руслан Нуриддинов



**1-тапсырма.** Берілген сөз бен буындарды құрап, мақал құрастыр.

ші  
ден  
Бір  
бай  
ін  
лық  
сая  
лық

24

**2-тапсырма.** Доптың сипатын білдіретін сөздерді тап және дәптерге жаз.



## 16-сабак. «Менің бос уақытЫМ»



**1-тапсырма.** Сурет негізінде әңгіме құрастыр.




25



1. Қалай ойлайсың, бос уақытта немен айналысқан жөн?
2. Сен бос уақытында қандай жұмыспен айналысасың?
3. Телефонда сөйлесіп отырған балаға қандай кеңес бересің? Кеңестеріңді дәптерге жаз.



**2-тапсырма.** Суретке зер сал. Тәуліктің қай кезі деп ойлайсың? Бәріне ортақ болатын тақырып ойластыр және екі немесе одан да көп сөйлем жаз.



## 17-сабақ. Мерекелер



**1-тапсырма.** Суреттерде қандай мерекелер бейнеленген? «Ойла, ізде, тап!»



27



**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

1 маусым ..... мерекесі. Бұл ..... – отбасылық мереке. Бұл күні мен ата-анаммен ..... барамын. Мереке күні саябаққа кіру ..... . Кезекке тұрып тегін ..... аламыз.

*Қажетті сөздер:* тегін, билет, балалар, мереке, саябаққа.

## 18-сабақ. Сыйлық



Жаңа жыл қарсаңы өді. Әйкеннің үй іші теледидар қарап отырған. Онда шыршаға жиналған балалар мерекесін көрсетіп жатыр екен. Аяз ата:

- Көне кім ән айтады? – деп сұрады.
- Мен.
- Мен ... – деп балалар шуласа қол көтерісті.
- Аяз ата:
- Ал Бақыт сен айта ғой, – деді бір балаға. Бақыт деген бала әнін аяқтағанда, бәрі ду қол шапалақтады. Аяз ата:
- Жарайсың, Бақыт! Әнді тамаша орындаисың! Сол үшін мына сыйлықты ала ғой! – деп, бір қорап сыйлық ұсынады. Аяз ата осылай жақсы ән, тақпақ айтып, би билегендерге сыйлықтар беріп жатты. Мұның бәрін көріп отырған Әйкен, орнынан қарғып тұрып:
- Көке, мен де ән айтсам, Аяз ата сыйлық бере ме? – деді.



1. Мәтінде қайсы мереке туралы сөз болады?
2. Қалай ойлайсындар, Аяз ата қандай балаларға сыйлық береді?



**1-тапсырма.** Айнұр мен Асқардың диалогын оқы.



— Айнүр, саған қайсы мереке үнайды?  
— Маған 8-Наурыз әйел-қыздар мерекесі үнайды.  
— Асқар, саған қайсы мереке үнайды?  
— Маған Жаңа жыл мерекесі үнайды.



**2-тапсырма.** «Мен үнатқан мереке» тақырыбында диалог құр.

## 19-сабақ. Жаңа жыл



Жаңа жыл,  
Жаңа жыл!  
Жаңа жылда – жаңа жыр,  
Жасыл шырша жанында  
Жадырап бар бала жүр.

Көрікті,  
Бөрікті!  
Аяз ата келіпті.  
Беріп жатып таратып  
Алма, анар, өрікті.

Қала нұр,  
Дала нұр!  
Құтты болсын жаңа жыл!  
Шырша жаны көнілді,  
Билеп барлық бала жүр!



## I тарау. Мен, сен, ол және олар



**1-тапсырма.** Айнұр мен Азаматтың диалогын оқы.



— Азамат, сен жаңа жылды қалай қарсы аласың?



— Мен жаңа жылды отбасыммен қарсы аламын.



— Жаңа жылда сыйлық алдың ба?



— Иә, мен жаңа жылда сыйлық алдым. Сыйлықты маған өкем, анам және ағам сыйлады.

Ал, балалар, сендер қандай сыйлық алдыңдар?



**2-тапсырма.** «Жаңа жыл» өлеңіндегі үшінші шумақты көшіріп жаз. Дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

## 20-сабак. Тұған күн



Бекболат анасының туған күніне не сыйларын білмей, кәдімгідей-ақ қиналып жүрді. Анасы не нәрсені ұнатушы еді? Әрі ойлап, бері ойлап, ақырын тапқан сияқты.

Бірде анасы Бекболаттың жейдесіндегі үзілген түймені көріп:

«Мына түймені қадап алу қолыңнан келмей ме? Бір өзім қай жағына жетемін.

Осындағы ұсақ-түйекпен жүйкемді жүқартпасаң да болады ғой», – деп ренжіген. Бекболат: «Түйме қадайтын қыз емеспін ғой», – деп қалған. «Дастархан дәмі мынау қыздардың, мынау ұлдардың тағамы деп бөлінбейді ғой. Үй шаруашылығына келгенде неге даралана қаласың?». Мұны айтқанда анасының даусы дірілдеп, кемсендегендей болды.

Содан бері үйде анасы жоқта қолына ине-жіп алып, майда-шүйде нәрселерді тігіп жүрген.

Бекболаттың есіне осы жай түсті де, бір кішкене ақ матаға бес-алты қара түймені екі жол етіп қадап қойды.

Бекболат анасының туған күніне өз саусағынан шыққан өнерін ұсынған. Анасы Бекболат ойлағандай сыйлыққа керемет риза болды. «Міне, мұнан артық сыйлықты ойлап табындаршы! Ананың ақылы далаға кетпей, баласының санасына жеткенінен артық не бар?! Бірақ, балам, ине-жіпке сақ болғайсың», – деді.

Анасының туған күніне жиналған қонақтар сыйлықты жер-көкке сыйғызбай мақтады.

*Роза Әблілқадірова*



1. Анасы Бекболатқа неге ренжіді?
2. Не үшін Бекболат анасын қатты аяды?
3. Анасы неге риза болды?

# I тарау. Мен, сен, ол және олар



**1-тапсырма.** Әңгімедегі анасының ақыл-кеңесі туралы ой толғандар?



**2-тапсырма.** Әңгімедегі анасының жауабын дәптерге жаз. Дауыссыз дыбыстардың астын сыйз.

## 21-сабак. Сенің бүгін туған күнің



Сенің бүгін туған күнің,  
Қуанышың мерекен.  
Арта берсін, арта берсін,  
Ұрыс, дәulet, берекен.

Жат қызығып қарайтұғын,  
Достарың да көп екен.  
Дос сүйетін, ақ жүрегін,  
Пәк жүрегің кең екен.

Бүгін шаттық, бүгін думан,  
Ұзағынан жыр етер.  
Жыл бойына бір келетін,  
Осы күнге не жетер?

Естай Аликеев



**1-тапсырма.** Сұраққа жауап бер?

- Сенің туған күнің қашан?
- Туған күнінді кімдермен бірге тойлайсың?
- Олардың аты кім?



**2-тапсырма.** Өлеңнің екінші шумағын көшіріп жаз. Заттың атын білдіретін сөздерді тап. Оларды буынға бөл және талдау жаса.

Үлгі: дос – үш әріп, үш дыбыс. Бір буынды сөз.

## 22-сабак. Айналайын



Бойын билеп бір ағын,  
Сылдыраған бұлағым.  
Қатарыңың алды бол,  
Ботақаным – пырағым!

Жәннат – ақ жер тұрағың,  
Көздері бір қырағым.  
Биік ұшып бар таудан,  
Мұратқа жет қыраным.

Алатаудай айбыны,  
Көңілімнің айдыны.  
Айналайын өзіңнен,  
Өмірімнің Ай, Күні.

*Мекембай Омарұлы*




1. Өлең не туралы?
2. Ақын Ай, Күн деп кімдерді айтқан?
3. Өлеңді жатқа айт.



**1-тапсырма.** Сен достарыңа қандай тілек айтқан болар едің? Жалғастыр.

Тұрғындардың атынан жасалған сөздердің мәндерін сипаттаңыз.



**2-тапсырма.** Берілген сөздерді буынға бөліп жаз.

Бұлағым, ботақаным, пырағым, қырағым, қыраным.


34

## 23-САБАҚ. Мен не үйрендім?



**1-тапсырма.** Жалғастыр.

Бұл – менің ...



**Үлгі:** Бұл – менің атам. Оның аты – Еркін.



**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, жазындар.

Не қымбат?

Алтын ұяң – ... қымбат.  
Құт берекең – ... қымбат.  
Аймалайтын – ... қымбат.  
Мейірімді – ... қымбат.  
Асқар тауың – ... қымбат.  
Туып өскен – ... қымбат.  
Кіндік кескен – ... қымбат.

**Қажетті сөздер:** анаң, елің, әкең, апаң, атаң, жерің.



**3-тапсырма.** Бас әріpten басталып жазылатын сөздерді тауып жалғастыр және көркем жаз.

**Кісінің аты-жөні бас әріpten басталып жазылады:** Айдана, Нұрдос, Бектаев Жалғас, ... .

**Жер-су аттары бас әріpten басталып жазылады:** Ташкент, Шыршық, Сырдария, ... .



## II ТАРАУ. ТАБИҒАТ СЫЙЫ. ЖАСЫЛ ҒАЛАМШАР

### 24-САБАҚ. Табиғат сыйы



Табиғат – біздің қоршап тұрған орта. Айналамызда адамдар, өсімдіктер, жан-жануарлар, құстар, тіпті жәндіктер де өмір сүреді. Мұның бәрі табиғат байлығы деп аталады. Табиғаттың бізге берер сыйы мол. Таза ауа, жарық өмір, мөлдір су, азық-түліктің бәрі де табиғаттың ғажайып сыйлығы.

Табиғаттың байлығын үнемдеу әрбір адамның борышы. Табиғатқа қанша көп қамқорлық жасасақ, оның бізге берер сыйлығы да сонша мол болады.

36



1. Табиғаттың бізге берер сыйына нелер кіреді?
2. Біздің табиғат алдындағы борышымыз қандай?




**1-тапсырма.** Мәтіннен пайдаланып сөйлемдерді толықтырып жаз.

... – біздің қоршап тұрған орта. Айналамызда ..., ..., ..., ..., ..., тіпті ... де өмір сүреді. Мұның бәрі ... ... деп аталады.

**2-тапсырма.** Суреттегі заттардың реңін тауып, үлгідегідей етіп жаз.

Үлгі: Жасыл ағаш, ...



## 25-САБАҚ. Су айналымы

 Ертеде су болмай, құстар шөлдеп, ағаштар қурап, гүлдер солып қалыпты. Қурап қалған ағаштарға Аяулымның жаны ашыпты. Ойланып тұрып, Аяулым Күннен көмек сұрайды. Осы кезде Күн көмекке келеді. Жердегі су күннің ыстығынан буға айналып, аспанға көтеріледі де, бұлтқа айналады. Бұлтты жел қуалап, су түйіршіктер жерге жаңбыр болып жауады. Жаңбырдан соң жер тыныс алады. Шөлін қандырған өсімдіктер, құстар, жан-жануарлар Аяулымға рақметін айтады. Сөйтіп, жер беті құлпырып кетеді.

37



1. Ертеде табиғат қандай жағдайға тап болды?
2. Аяулым неден көмек сұрады?

## II тарау. Табиғат сыйы. Жасыл ғаламшар



**1-тапсырма.** Мәтіннен табиғат құбылыстарының аттарын теріп жаз.

Үлгі: бу, ... , ... ,



**2-тапсырма.** Дәптерге көшіріп жаз.

1. Су – тіршілік көзі.
2. Су – атасы, Жер – анасы.
3. Бұлақ басында тұрсаң да, бір тамшы суды босқа төкпе.

### 26-САБАҚ. Кемпірқосақтың жеті түсі



38

Кемпірқосақтың жеті түсі бар. Олар – **қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, көк** және **кулгін**. Бұл түстерді жеке арнайы жағдайда ғана көруге болады. Күн сәулесі жаңбыр тамшысына түскен кезде жарықтың жеті түсі сынады. Тамшы арасынан кемпірқосақ пайда болады.



1. Әңгіме не туралы?
2. Кемпірқосақ қалай пайда болады?



**1-тапсырма.** Мәтіндегі ажыратып көрсетілген сөздерді дәптерлеріңе теріп жаз.

Заттың реңін білдіретін сөздер қандай? деген сұраққа жауап болады. Мысалы: ақ аю – қандай аю?, көгілдір аспан – қандай аспан?

**2-тапсырма.** Жұмбақтарды оқып, шешуін дәптеріңе жаз.

Дәу көпірім аспалы,  
Құлпыртып тұр аспанды (.....)

Көк жүзінде көп доға,  
Жер жүзінде жоқ доға.  
Көзбен көріп болжайды,  
Қолмен ұстауға болмайды. (.....)



## 27-сабақ. ТАБИҒАТПЕН ДОС БОЛАМ



Жолдың бойын көмкерген  
Гүлді, шөпті басам ба?  
Жап-жасыл бақ, көп тоған...  
Мен шалғынмен жүрмеймін.

Дос боламын өлкеммен,  
— Сен өмір сүр қашан да  
Табиғатпен дос болам.  
Жап-жасыл боп тұр! — деймін.



1. Өлең не туралы?
2. Неліктен табиғат жасыл түсте болады?
3. Өленді жатқа айт.



**1-тапсырма.** Мына суреттер бойынша ребусты шешіп, жасырынған сөзді тап.

1




”

2



,

3



”

4

Ы

,

5



6



,,,

**И** – дауысты дыбыс, дауыссыз дыбысттан кейін және сөз басында, ортасында жазылады: **ит**, **киік**, **сиыр**

**Й** – дауыссыз дыбыс, дауысты дыбысттан кейін жазылады: **тай**, **бидай**, **тоғай**



**2-тапсырма.** Нұктелердің орнына и және й әріптерін қойып жаз.

Күннің нұрын сұ...емін,  
Күнге басымды ...емін.  
Моншағым көп мо...нымда,  
Үлкен қалпақ к...емін. (.....)

## 28-сабак. ҰНАТАМ



Тауды ұнатам,  
Басында қары бар.  
Бауды ұнатам,  
Жемістің бәрі бар.  
Елді ұнатам,  
Бақытты бағы бар.  
Жерді ұнатам,  
Арайлы таңы бар.  
Көлді ұнатам,  
Мөп-мөлдір суы бар.  
Белді ұнатам,  
Жайқалған нуы бар.

## II тарау. Табиғат сыйы. Жасыл ғаламшар



1. Өлең не туралы?
2. Осы өлең арқылы автор не айтқысы келді деп ойлайсың?



**1-тапсырма.** Нұктелердің орнына тиісті сөздерді қойып, өлеңді үйқастырып жаз.

Мөлдіреп шыққан тас ...  
Көрісер күнде ... .  
Жанында өскен жас ...  
Тербеліп тұрған ... .




**Қажетті сөздер:** бұлақ, құрак, елменен, желменен.



**2-тапсырма.** Суретті диктант.



42



## 29-сабак. Бұтақ пен Терек



Зәулім Теректің бір қисық Бұтағы бар еді. Ол жолға қарай салбырай өсіп, маңайындағыларға кедергі келтірді.

Оның жаман қылышына қынжылған Терек:

— Сен менен өсіп шыққан Бұтақсың, көп жылдан бері мен сені мәпелеумен келемін. Сонда да түзу өспей, қисайып өстің. Ешкімге пайда тигізбедің. Түзу өссенші! — деді.

— Мәпелеп өсіргеніңе рақмет, мен осы бетімнен қайтпаймын, — деп қисық Бұтақ ақылға көнбеді.

Оның қыңырлығынан жанындағы ағаштар да азап шекті. Бір күні қисық Бұтақты өгіз мүйізіне орап сындырыды. Бұтақ ақыры мерт болды.

М. Етекбаев



1. Әңгіме не туралы екен?
2. Терек неге қынжылды?
3. Бұтақты не сындырыды?



**1-тапсырма:** Мәтіннен Теректің қисық Бұтаққа айтқан сөздерін көшіріп жазыңдар.

Kісі аттары, жер-су аттары, жануарларға арнайы қойылған аттар бас әріппен жазылады. Айжан, Ташкент, Бұхара, Ақтөс.

**2-тапсырма.** Берілген сызба бойынша сөйлем құрап жаз.

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|  |  |  |  |  |
|  |  |  |  |  |

## 30-сабақ. Аққайың



Бекен зақпыға лайық аша ізделп жүріп, оны үйінің қасындағы аққайыңың төмөнгі бұтағынан тапты. Қайыңың түбінде отырып, оның қабығын тазалады. Сол кезде қолына тамшы тамды. Бекен өуеге қарады. Көк жүзі шайдай ашық. Ол орнынан тұрып, қайыңың басына қарады. Енді тамшы бетіне тамды. Сөйтсе, әлгі бұтағы қыылған жерден мөлтілдеп су шығып тұр.

Бекен көргенін атасына айтты.

— Ол тамшы емес, қайыңың көз жасығой, — деді атасы.

Бала үн-тұнсіз далаға шықты. Қайыңың бұтағы иіліп, мұңайып тұр еken. Бекеннің жүрегі сыздап кетті. Өзінің қылышына қатты ұялды.



1. Өңгіме не туралы?
2. Бекен қандай қателікке жол қойды?



**1-тапсырма.** Көркем жазу. Мәтіннен й және и әріптері қатысқан сөздерді теріп жаз.



**2-тапсырма.** Суреттерге қарап, табиғатқа нелер зиян келтіретінін айт және дәптерге жаз.



## 31-сабақ. Жасыл бағым жайнаған

45

Шыбықтарым кешегі,  
Шынар болып өседі.  
Көктемдегі көйлегін,  
Құзде ағаштар шешеді.

Тоңбау үшін ақ қарда,  
Тон киеді ақпанда.  
Қарайды кеп қарағаш,  
Қайың сырға тақсанға.

Жасыл бағым жайнаған,  
Ну болады айналам.  
Жазда барып орманға,  
Жатып алып ойланам.



## II тарау. Табиғат сыйы. Жасыл ғаламшар



1. Өлең не туралы?
2. Жыл мезгілінде табиғат қандай түстерге өзгеретінін айт.



**1-тапсырма.** Көшіріп жазып, зат есімдердің астын сыз.

Біздің бағымыз үлкен. Онда алма, алмұрт және өрік өседі. Атам жеміс ағаштарын суарады.



**2-тапсырма.** Әріптер мен сандарды пайдаланып, жасырынған сөздерді тап. Сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|
| A | K | L | T | M | I | Y | E | R | T  |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

46

Үлгі: 8962 – өрік, .....

## 32-сабак. Бидай мен кекіре



Көктемде бидайдың ішінен бір кекіре шөп бой көтерген болатын. Кекіре өзін-өзі мақтағысы келіп, жанындағы жайқалып өсіп тұрған бидайға:

– Эй, көршім, менің сабағым, жапырақтарым көкпеңбек, ал гүлдерім қып-қызыл және көгілдір көктемнен қоңыр күзге дейін көк түсімді жоғалтпай үзак жасаймын. Қандай керемет десеңші! Дүниеде мен сияқты өсімдік бар ма екен, сірә! – деп мақтанды. Бидай оған үн қатпай тұра береді. Бұған ашынған кекіре:

— Сен аз жасайтын өсімдіксің, енді пісіп жетілгеніңде, сені орып тастайды. Айтартықтай гүлдерің де, жапырақтарың да жоқ, — деп күліпті. Сонда бидай:

Көршім, өмірің ұзақ болғанымен, ақылның қысқа екен. Алтын күзде менің «алтын дәнім» піседі. Халық менің дәндерім үшін еңбек етеді. Мен бар асылымды көпке сыйлаймын. Ал сен, көп жасағаныңмен, өшкімге тигізер пайдаң жоқ — деп жауап беріпті.



1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Мақтаншақтық қандай қасиет?



**1-тапсырма.** Өңгімеден ренди білдіретін сөздер қатысқан үзіндіні тап, дәптерге жаз.



**2-тапсырма.** Табиғатты қорғау үшін не істеу керек екенін айт және дәптерге жаз.



### 33-сабақ. Тұған өлке



Нұржан қалада тұрады. Ол биыл да атасының үйіне ауылға келді. Дала табиғатының мұншалықты сұлу екенін бұрын байқамапты. Асқар таулар қандай әдемі. Сылдырап аққан өзен жағасындағы иілген ағаштар неткен сұлу?! Қызылды-жасылды кең алқап, бәрі-бәрі Нұржанның көңілін баурап алды. Ол күнде таңертең арайлап атып келе жатқан күнге қызыға қарайды. Даланың таңғы сұлулығына таң қалады. Тұған өлкенің табиғатын бейнелеп сурет салуды армандайды.

48

Өзен жағасындағы көк шүйгінге қозы-лақтарын жайып жүріп, табиғат туралы өлең жазды. Бірақ өзінің туған жерге деген сүйіспеншілігін жеткізетін сөз таба алмады. Ол «Тұған жер» деген сөздің мәнін түсінгендей болды.

«Балдырган» журналынан



1. Әңгімедегі негізгі ойды айтып көр?
2. Нұржан нені байқамаған еді?
3. Нұржан қандай бала? Өз ойларынды айт.



**1-тапсырма.** «Мен табиғатты қорғаймын» тақырыбында өз жобаңды айт.

Табиғатты қорғау үшін істі неден  
бастау керек?



**2-тапсырма.** Суреттерге қарап әңгіме құрастыр.

Көз алдыңа келтір, қолыңда жеміс қабығы бар. Оны қай жерге тастайсың?



## 34-сабақ. Төрт мезгіл



Атақты Жыл ақсақалдың екі ұлы, екі қызы болыпты. Төртеуінің мінезі төрт түрлі екен. Үлкені Қыс тентек, ашулы, қатал болып өсіпті. Одан сұлу кішісі Көктемгүл көнілді, ақжарқын әрі көрікті екен. Дегенмен өкпелегіш болса керек. Одан кейінгі Жазғулдің жайдарылығымен аты шығыпты. Оны жүрттың бәрі жақсы көріпті. Бұл да әншіліктен алдына жан салмапты.

Кенжесі Күз ерке болып өскеннен соң, мінезі сылбыр, көнілшек көрінеді. Құйттай нәрсеге өкпелеп, көзінен бырт-бырт жас шыға келеді екен. Бір жақсысы қолы ашиқ, жомарт болыпты.

Жыл ақсақал төртеуін де өте жақсы көріп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, бағып-қағып, еркін өсіріпті. Перзенттері де оны қатты құрметтеп, сыйлайды екен.

«Балдырган» журналынан



1. Жыл ақсақалдың неше перзенті болды?
2. Олардың мінездері қандай еді?
3. Бас әріппен жазылған сөздерге мән беріндер.



**1-тапсырма.** Мәтіннен санды білдіретін сөздерді теріп жазындар.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқындар. Сандарды сөзбен жазындар.

Бір жылда 12 ай бар. Бір айда 30 күн яғни 4 апта болады. Әр аптада 7 тәулік бар. Әр тәуліктे 24 сағат, 1 сағатта 60 минут бар.

### 35-сабақ. Қыс келді



Аңсаған қыс келді,  
Жауды көп ақша қар.  
Өзгеше түске енді  
Жайқалған бақшалар.  
Төсі де даланың,  
Жұп-жұмсақ ақ мамық.  
Шаңғы мен шананы  
Тебеміз шаттанып.  
Жиналып аулада,  
Саламыз думанды.  
Шығамыз тауға да,  
Шарлаймыз орманды.



T. Шаханов



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңнің мазмұнын әңгімеге айналдырып көр?
3. Өлеңді жатқа айт.



**1-тапсырма.** Жаңылтпашты жатқа айт.

Қыста құлағым үсіп кетті,  
Үсіп, ісіп кетті.



**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар. И әрпі бар сөздердің астын сыйындар.

Асия мен Әлия ... келе жатыр. Олар қысқы ... қызыға қарады. Қыс табиғаты өте ... .

**Қажетті сөздер:** мектепке, табиғатқа, та-маша.

### 36-сабак. Көктем



**Көктем** келді. **Күн** ұзарды. Оңтүстік-тен жылы **жел** соғып, **қар** ери бастады. Қардың астынан қылтиып бәйшешектер ашылды. Аспанды **бұлт** қаптап, **жаңбыр** жиі жауатын болды. Жаңбыр жауса да, қыстағыдай суық ызғары болмайды.

Күннің жылы шуағы **табиғат** әлемін оята бастады. Әр жерден жасыл **шөп** көрініп, құрт-құмырсқалар да жыбырлап қалды. **Ағаштар** **бүршік** атып, **жеміс** **ағаштары** гүлдеді. Жылы жаққа кеткен **құстар** ұшып келе бастады. **Диқандар** егіндерін еуге кірісті. **Малдар** төлдеп, **қойлар** қозылап, **шаруалар** да мәз-мейрам болып жүр.



1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Көктем басқа жыл мезгілдерінен қалай ерекшеленеді?

3. Ажыратып көрсетілген сөздерді төріп жаз, оларға сұрақ қой.



**1-тапсырма.** Суреттің орнына тиісті сөзді қойып айт.

Көктемде



ысыйды.



жауды.



жапырақ жайды.



**2-тапсырма.** Мақалдарды көшіріп жаз. Тағы қандай мақалдар білесің?

53



Ексең егін,  
ішерсің тегін.



Қаз келді –  
жаз келді.

## 37-сабақ. Үй жануарлары



Адамдар жануарларды мыңдаған жылдар бойы қолға үйретті. Олар еті мен сүті тамақ, жұні киім болатын жануарларды таңдады. Осылайша асырауға бейім жануарлардың ұрпақтарын таңдады. Олар қолға үйренген соң үй жануарлары деп атала бастады.







- Мәтінде не туралы айтылған?
- Адамдар үй жануарын қалай таңдады?




**1-тапсырма.** «Бұл – не?» деген сұрақты қайсы суретке қоюға болады?

54



**2-тапсырма.** Суретте берілген үй жануарларының аттарын жаз.



## 38-сабак. Үй жануарларының таласы



Бір күні , , үшеуді та-  
ласты:



айтты:

— Қожамыз мені жақсы көреді. Қожамыздың үй-іші менің сүтімді ішеді.



айтты:

— Қожамыз сендерден де мені жақсы көреді. Отынды, пішенді мен тасымын.



айтты:

— Жоқ, қожамыз мені жақсы көреді. Мен үй күзетемін.

## II тарау. Табиғат сыйы. Жасыл ғаламшар

Қожайын бұлардың таласын естіп:

– Сендер таласпандар, маған бәрің де керексіндер, – деді.



**1-тапсырма.** Сенің үйінде осы жануарлардың қайсы бірі бар? Оны не мақсатта пайдаланаңдар?


Бір нәрсе жайлы хабарлай айтылған сөйлемді **хабарлы сөйлем** дейміз. Хабарлы сөйлемнің соңына нұкте (.) белгісі қойылады. Мысалы: Менің алты қойым бар.




**2-тапсырма.** Сандарды сөйлет.

Үлгі: 4 – бұзау. Бұ-зау.


56



4



3



2



1

## 39-сабак. Жанашыр Жандос



Қыстың күні болатын. Бірде әжем үйге жаңа туған лақты алып кірді.

— Лақ қорада тоңып қалыпты. Бүгін кешке дейін үйде болсын. Бойын жылтысын, — деді. Сөйтті де, едендегі төсеніштерді ысырып, пештің түбіне жатқызып қойды. Сәлден соң бойы жылтынған лақ түрегеліп, тәй-тәй басты. Жан-жағына тосырқай қарады. Інім Жандос оны қызықтап отырған. Сірә, қарны ашты ғой деймін, лақ маңырай бастады. Жандостың оған жаны ашып кетті. Жұбатпақ болды. Кішкентай Мәншүктің сылдырмағын әкеліп, сылдырлата бастады. Тосын дыбыстан сескенді ме, лақ үндеңей қалды...

— Қандай ақылды! Біздің Мәншүк сияқты еken өзі. Жылағаның тез қоя салды ғой, — деді, ол лаққа риза болып.

«Балдырған» журналынан



1. Әңгіме не туралы?
2. Жандостың неге жаны ашыды?
3. Жандос неге риза болды?

Қуануды немесе өкінуді білдіретін сөйлемді **лепті сөйлем** дейміз. Лепті сөйлемнің соңына леп (!) белгісі қойылады.

## II тарау. Табиғат сыйы. Жасыл ғаламшар



**1-тапсырма.** Жұмбақтардың шешімін тап.  
Олар туралы мәлімет беруге әрекет жаса.

Тастан-тасқа секірген,  
Қойдан маза кетірген.  
Ұзын салпақ құлақты,  
Кім біледі ...?

Үстінде екі тауы бар,  
Қызық бір жануар. (.....)



**2-тапсырма.** Суреттердегі төлдердің аттарын қоса сөйлемдерді толықтырып жаз.

58



Сырдың -ы бар. Жылқының



-ы бар. Түйенің -сы бар.



Қойдың -сы бар. Ешкінің -ы бар.



## 40-САБАҚ. Бөрте мен Нұржан



Нұржанның әкесі Қаратай бойынан тау ешкі лағын тауып әкелді. Лақ Нұржанға қатты ұнады. Әкесі Нұржаннан:

— Мұның атын не деп қоямыз? — деп сұрады.

— Бөрте қояйық, — деді Нұржан.

Содан бастап Нұржан Бөртемен достасып алды. Жем, су береді, кейде қант та береді.

Ш. Мұртаза



1. Нұржан лаққа қандай ат қойды?
2. Лақты немен қоректендірді?



**1-тапсырма.** Мәтіннен бас әріппен жазылған сөздерді теріп жазындар.

59

**2-тапсырма.** Берілген жұмбақтардың жауабын жазып, дауысты және дауыссыз дыбыстарын ажыратып жаз.

Біреулер тастағандай аса бұтап,  
Басында жүр бірнеше аша бұтақ. (.....)

## 41-сабак. Күшіктің иесі кім?



Асқат пен Марат кішкентай күшік тауып алды. Екеуі де оны жақсы көрді. Күшікке уақытында тамақ беріп тұрды. Бірақ екеуі де «менің күшігім» деп таласып қала берді.

Бірде олар күшіктерін ертіп орманға саңырауқұлақ теруге барды. Кенет алдарынан үлкен тәбет шыға келді де, күшікке тап берді. Марат қорыққанынан ағашқа өрмелеп шығып кетті. Асқатқа «қаш, қаш!» деп айқайлады. Бірақ ол қашпай, бір таяқ тауып алып, күшікті құтқаруға ұмтылды. Бұл шуды естіген орманшы «бұл кімнің күшігі?» деп сұрады. Асқат: «менің күшігім» – деді. Марат үн қатпастан төмен қарады.

«Балдырган» журналынан



1. Өңгіме не туралы?
2. Олар орманда қандай оқиғаға тап болды?
3. Мараттың орнында болғанда не істер едін?

Бір нәрсе жайлы сұрай айтылған сейлемді **сұраулы сөйлем** дейміз. Сұраулы сөйлемнің сонына – (?) белгісі қойылады. Мысалы: Табиғат деген не?



**1-тапсырма.** Әңгімедегі Марат пен Асқаттың іс-әрекетін «иә» және «жоқ» деген сөздер арқылы салыстырыңдар?



Марат пен Асқаттың күшікке қамқорлық жасауы дұрысы па?

Екеуінің «Менің күшігім» деп таласуы дұрыс па?


Мараттың қорыққанынан ағашқа өрмелеп шығып кетуі дұрыс па?

Асқаттың күшікті құтқаруы дұрыс па?

Асқаттың «менің күшігім» деуі дұрыс па?



**2-тапсырма.** Сурет негізінде сөйлем құрастыр.



## 42-сабақ. Ізшіл



– Құм ішінде із көп екен...  
 – Мен білмейтін із жоқ екен!  
 – Мына бір із қай аңдікі?  
 – Бізден қашқан қояндікі.  
 – Мына бір із қай аңдікі?  
 – Аңдікі емес, шаяндікі.  
 Мынау ирек – жыландікі,  
 Мынау имек – қырандікі.  
 Мына біреу – бөрінікі,  
 Мына біреу – түлкінікі...  
 Аман тұрған күйімізде  
 Қайтайықшы үйімізге.

Дүйсенбек Қанатбаев

62



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде қайсы аң-құс және жәндіктер туралы сөз болады?
3. Өлеңде берілген аң-құс және жәндіктердің іздерін сурет дәптерлерінде салып көр.



**1-тапсырма.** Берілген іздерге қарап жануарлардың атын жаз.

Үлгі: Бұл – қоянның ізі.

Бұл ..... i.

Бұл ..... i.

Бұл ..... i.



**2-тапсырма.** Суретке қарап аң-құстардың атауын атандар. Олардың іздерін біліп алыңдар.



63

### 43-сабак. Құсбегі



Атам – құсбегі. Оның аң аулайтын бүркіті мен тазысы бар. Бүркітті қолға үйретіп, оған Ақсұңқар деп ат қойды. Мен тазыны Ақтөс деп атадым. Аңсұңқар мен Ақтөс маған ұнайды.



## II тарау. Табиғат сыйы. Жасыл ғаламшар



1. Мәтін не туралы?
2. Құсбегілік қандай өнер?
3. Құсбегі сөзінің мағынасын мұғалім көмегімен сөздіктен біліп ал.

**Жануарлардың аттары бас әріппен жазылады.** Тайбурыл, Тарлан, Көкжал т.б.



**Тапсырма.** Берілген әріптерден басталатын аң-құс аттарын жаз. Оларды буынға бөл.

K .....  
T .....  
T .....



### 44-сабак. Жасыл теңіз тасбақасы




Бұл тамыз айының жүлдүзді түні болатын. Жұмыртқалары бар ұя Коста-Рика жағалауынан 60 сантиметр төрнедікте құмда көмілген. Ұяның ішінде жасыл теңіз тасбақаларының 100-ден аса жұмыртқалары бар, олардың әрқайсысының көлемі гольф добымен бірдей. Теңіз тасбақасы балапандарының бірі қозғалып, жұмыртқасынан шыға бастайды. Ол жұмыртқасының қабығын тұмсығының үшкір ұшымен жарады. Теңіз тасбақасының баласы құмының астында көмілсе де, еркіндікке шығады. Аз уақытта ұяның іші қимыл-қозғалысқа

толады. Тасбақаның баласы жоғары қарай шығу үшін жүзбе қанаттарын қолданады. Құмның бетіне шығу бір тәуліктен астам уақытты алуды мүмкін.

- ?(1) 1. Мәтін не туралы?  
2. Ұяның ішінде қанша жұмыртқа болады?  
3. Тасбақа балапандарының жұмыртқадан шығуын сипаттап бер?



**1-тапсырма.** Суреттегі тасбақалардың көбейін мұғалім көмегі арқылы айтып беруге әрекет жаса.



65



**2-тапсырма.** Тасбақа жұмыртқасынан жарып шыққаннан кейінгі алғашқы екі әрекетін жаз.

## 45-САБАҚ. Дельфин



Су асты жартастарының арасындағы жолды тек дельфин ғана білетін. Кеменің келе жатқанын сезісімен көмекке асығатын. «Сақ бол, бұғаз өте қауіпті. Соңымнан жүріп отыр» дегендей, басқару тұтқасындағы кісіден көз алмай, қадала қарайтын.



66

«Кеме соңымнан келе ме, жоқ па?» дегендей, артына қарайлаған дельфин кеме алдында жүзіп отыратын.

Бұғаздан аман-есен өткен теңізшілер қуаныштан дельфинге қолдарын бұлғап: «Ура!» деп шуласып жататын.

*Спиридон Вангели*

### Сөздікпен жұмыс:

Бұғаз – ені тар су.



1. Кемені көрген дельфин не істеді?
2. Дельфин қандай жануар түріне кіреді?
3. Әңгімеден дельфин туралы не білдің?



**Тапсырма.** Әңгімеден «Дельфин» сөзі қатысқан сөйлемдерді тауып, көшіріп жаз. Сөйлемнің қай түріне жататынын айт.

## 46-САБАҚ. Мен не үйрендім?



**1-тапсырма.** «Домино» сөзжұмбағындағы жасырынған жануар аттарын оқы және дәптерге көшір.

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ж | ы | л | қ | ы | е | ш | к | и |
| о | A | қ | о | я | н | о | у | к |
| л | с | H | е | р | с | ш | ш | е |
| б | т | h | у | ұ | и | қ | і | р |
| а | л | а | қ | A | ы | а | к | и |
| р | т | и | і | н | R | ө | ң | к |
| ы | ө | и | т | т | у | L | к | і |
| с | б | ұ | з | а | у | а | A | ю |
| қ | о | й | қ | а | с | қ | ы | P |

**2-тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмалар.

- Сұраулы сөйлем дегеніміз не?
- Лепті сөйлем дегеніміз не?
- Бүйрықты сөйлем дегеніміз не?

Сұраулы, лепті, бүйрықты сөйлемдер құрастырып жаз.

### III ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ ТЕРЕҢ БАЙЛЫҚ

#### 47-сабак. Шие тергенде



Шие піскен уақыт. Әмина әже немерелері Айдар мен Қанатты ертіп, шие теруге орманға келді. Көп ұзамай-ақ шиеге кезікті. Қып-қызыл шиелер шашылған маржандай көз тартады. Айдар терген шиесін қолындағы ыдысқа жинай берді. Қанат шиені тойғанынша жеп, сонан соң өз бетімен ойнап кетті.

Айдар жинаған шиелерін атасына беріп жатып:

Ата, мына шиелерді әдейі сіз жесін деп орманнан әкелдім, – деді.

Көп жаса, Айдаржан! Өскенде сен мені асырайды екенсің, – деді атасы, бір шиені аузына салып.


*Мәдіхат Төрежанов*




Сөздегі дауыссыз дыбыстар жуан болса, ондағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады: дала, алмұрт, тазалық.



**1-тапсырма.** Суретте берілген ыдыстарға қажетті жемістер мен көкөністерді сәйкестендір.



**2-тапсырма.** Суретке қарап көкөністердің таласын диалог түрінде дәптеріне жаз.



## 48-САБАҚ. Жемістер мен көкөністер



Күз келді. Күзде жемістер мен көкөністер піседі. Олар ашы, тәтті, қышқыл болады. Біз күзде көкөністер мен жемістерді жинаймыз. Жемістер мен көкөністерде дәрумендер бар. Жемістер мен көкөністер өте пайдалы.



1. Мәтін не туралы?
2. Жемістер мен көкөністер неге бай болады?
3. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасы үшін пайдалы жақтарын айт?



**1-тапсырма.** Суреттегі көкөністердің атын тап.



**2-тапсырма.** Көкөністердің түрі мен дәмі жынан салыстырып жаз.

Үлгі: Пияз – ашы, қызылша – тәтті, қызанақ – ...

## 49-сабақ. Қияр мен қырыққабат






Ертеде қияр мен қырыққабат қол үстасқан дос болыпты. Бір күні екі дос суға шомылуға өзенге келіпті.

Келген бетте қияр шешініп, суға күмп беріпті де, жүзе бастапты. Қырыққабат бір-бірлеп, қабат-қабат «көйлегін» шешкенше күн де батып, қас қарайыпты. Осыған дейін су ішінде қалшылдаپ тұрған қиярдың терісі әбден күлдіреп кетіпті. Қиярдың қабығындағы бүршіктер, міне, содан пайда болыпты.



1. Мәтін не туралы?
2. Қияр мен қырыққабат өзенге не үшін келді?
3. Қиярдың қабығындағы бүршіктердің пайда болуына қырыққабаттың айыбы бар ма?



### III тарау. Денсаулық терең байлық

Сөздегі дауысты дыбыстар жінішке болса, ондағы дауыссыз дыбыстар да жінішке болып айтылады: сәбіз, тәтті, нәк, шие.



**1-тапсырма.** Қияр мен қырыққабат болып олардың пайдалы жақтарын мұғалім көмегінде айтуға әрекет жаса?



**2-тапсырма.** Ребусты шеш және дәптеріңе жаз.

мен -де дәрумендер көп болады. Олар адамға пайдалы.

72

#### 50-сабак. Жеміс бағында



Бау – бақшаға сән – көрік:  
Жүзім,  
Шие,  
Алма,  
Өрік.

Бағбан ата жемісін  
Қарай бердік таң болып.  
Айтады ата елге сыр:  
Жемісінді жерге өсір.  
Ерінбегін ешқашан,  
Еңбек еткен көл-көсір.

*Бейсебай Kіrісбайұлы*



1. Өлең не жайлышты?
2. Өлеңде қандай жемістер қатысқан?



**1-тапсырма.** Сөздердің мағынасын түсіндір  
және жаз.

Бау – тау | жерге – ерге | шие – ие  
Көрік – өрік | елге – ерге | Бағбан – Бағлан

73

## 51-сабак. Жүзім жегісі келген Қасқыр



Бір жүзімге тойып, баудан шығып  
келе жатады. Оны көрген



### III тарау. Денсаулық терең байлық

Жүзімді қайдан жедің? Айтшы, менде жейін.

Егер:

Айтпасаң, өзінді жайратамын! – дейді ақырып.

Ойбай, Қасеке құлдық! – дейді тұлкі жымындып. Сізден несін жасырайын. Жүрініз, ертіп алып барайын...



осыны айтты, да -ды ертіп апарып, өзіне үйреншікті тесіктен бауға кіргізіп жібереді.



таңсық көрген жүзіміне әбден тойып, баудан қайта шығайын десе, әлігі тесіктен өте алмай, кептеліп қалады.



Мұны көрген :

Қасеке тым көрсекзызар екенсіз! Артын ойламағанға сол керек! – деп, өрі қарай жүре беріпті.



**1-тапсырма.** Мұғалім көмегінде жүзімнің пайдалы жақтарын айтуға әрекет жаса.



**2-тапсырма.** Ертегіде «тұлкі» қатысқан сөздерді тауып жаз.


## 52-сабақ. Көкөніс



Әкелді анам базардан,  
Барлығынан тазарған.



Ас қылатын мен асты,  
Деп өзара таласты.



Пышақ өткір құралды,  
Бәрі қалмай туралды.  
Қазанға кеп түсті де,  
Қайнап-қайнап пістіде.



Айналды бір дәмді асқа,  
Амалың жоқ нанбасқа.

75



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңдегі көкөністерді ата?
3. Көкөністер не үшін таласты?



**1-тапсырма.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Көкөністер мен жемістерден жасалған тағам денсаулыққа пайдалы. Себебі олардың құрамында дәрумендер көп.

### III тарау. Денсаулық терең байлық



**2-тапсырма.** Көкөніс пен жеміс аттарын буынға бөліп жаз.

## 53-сабак. Дәрумендер



— Алинүр, сен дәрумендер туралы білесің бе?



— Иә, А, В, С, Д дәрумендері жемістер мен көкөністерде бар.



— Айтшы, онда орамжапырақта қандай дәрумен бар?



— Орамжапырақта дәрумен көп. Ондағы В дәрумені көздің көруін жақсартады.



Балалар, сендер жемістер мен көкөністердегі дәрумендердің пайдасы жайлыш мәліметтер білесіңдер ме?



**1-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тап. Оның пайдасы туралы айт.

Қалың киімді ұнатады,  
Шешіндірсең жылатады.

(.....)



## 2-тапсырма. Көркем жаз.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты. Тамақ дәмді әрі пайдалы болуы тиіс.



## 54-сабак. Сәбіз

Жүректің болар түгі мың.  
Қорыққан жоқпын түк, інім.  
Ұрыққа құрғақ құм қосып,  
Сепкенмін сәбіз тұқымын.

Сегіз-он күнде өніп тұр,  
Жүйекке барып қарасам.  
Қажет бол әбден тұрған соң  
Екі – үш мәрте суардым.

Жапырақ шықты жалбырап,  
Өскендер өсті албырап.  
Сәбізді әбден жетілтті  
Әр жұма жауған жаңбыр-ақ.

Болашақ аспаз сол болар  
Сәбізге берді зор баға.  
«Мүшәктің» бәрі арқасы  
Бал тартып тұрса сорпа да.

Піскен соң қызыл алауда,  
Үп-ыстық болып палау да,  
Жаман жоқ аста, алайда  
Сәбіzsіз палау палау ма?!

Мекембай Омарұлы

## Сөздікпен жұмыс.

Мүшәк – сәбіздің түрі.



**1-тапсырма.** Сәбіз салып дайындалатын барлық тағам аттарын ата және жаз.



**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздердерді тауып жазыңдар.

Сегіз-он ... өніп тұр,  
Жүйекке барып қарасам.  
Қажет бол ... тұрған соң  
Екі – ... мәрте суардым.

### Есте сақта!

Сәбізде А, В, С дәрумендері бар.

Бұл дәрумендер ас қорыту мүшесінің қалыпты жұмыс істеуіне көмектеседі.



Бал, балақан, ойлашы,  
Ой түбіне бойлашы.  
Он екі мүшен үп-үгел,  
Тіршіліктің қоймасы.

КӨЗ

Жақсы, жаман нәрсенің,  
Ол бәрін де көреді.



Жақсыларын ішінен,  
Саған айтып береді.

### ҚҰЛАҚ

Жақсы сөзді тыңдаймын,  
Жаман сөзге қынбаймын.  
Жақсы хабар естісем,  
Жеткізгенше тынбаймын.

### МҰРЫН

Сезіміме сыйысты,  
Сезем барлық иісті.  
Адам жаман иісті,  
Ііскемеуге тиісті.

### АУЫЗ

Ауызбын деп жей берем,  
«Бере берсе» дей берем.  
Артық ішіп қоям деп,  
Таяқ жеймін кейде мен.

### ТІС

Болса егер тіс бүтін,  
Болар сенде іш бүтін.  
Ауырмаған адамда,  
Әрқашан да іс бүтін.

### ТІЛ

Сезем ашы-тәттіні,  
Жұмсақ пенен қаттыны.  
Байланысты тек маған  
Балалардың шаттығы.



### III тарау. Денсаулық терең байлық



**1-тапсырма.** Диалогты толықтыр. Сөйлемнің қай түрлері қатысқан?

- Сенің көзің не үшін керек?  
— .....
- Сенің құлағың не үшін керек?  
— .....
- Сенің мұрның не үшін керек?  
— .....
- Сенің аузың не үшін керек?  
— .....
- Сенің тілің не үшін керек?  
— .....




**2-тапсырма.** Жұмбақтарды көшір және шешімін буынға бөліп жаз.

Сөз ұққыш —  
Қос тұтқыш. (.....)

Үңгір түбінде жалбырап,  
Өсіп түр жалғыз жапырақ. (.....)




**3-тапсырма.** Суретке қарап, адамның дene мүшелерін тап?





**4-тапсырма.** Берілген сөздерге ы, і әріптерінің тиістісін жалғап жаз.

Миық  
Жүрек  
Аяқ  
Құлақ



## 57-сабақ. Менің жадым – менің байлығым

### Менің жадым



Ойнай бермей, ойлашы,  
Ой түбіне бойлашы.  
Менің жадым сыр сандық,  
Ақылымның қоймасы.  
Ата сөзін тыңдаймын,  
Ана сөзін тыңдаймын.  
Жаттап алып жақсысын,  
Жаман істер қылмаймын.  
Ертегі де оқимын,  
Өлеңді де оқимын,  
Бәрін, бәрін, бәрін де  
Есте сақтап тоқимын.

Әбдірахман Асылбек

81



1. Өлең не туралы?
2. Сен қандай баланы ойлы бала деп ойлайсың?
3. Ойлы баланың бойында қандай қасиеттердің болуы тиіс деп білесің?
4. Сен өлеңдегі балаға үқсағың келе ме? Ол үшін не істеу керек?

### III тарау. Денсаулық терең байлық



**1-тапсырма.** Сандарға мұқият қара. Екі рет қайталанған сандарды ата. Сандарды сөзбен жаз.



**2-тапсырма.** Сөздерді оқып шығындар. Әр қайсысына ауызша кім? Не? деген сұрақ қойындар.

Ой, ақыл, мен, ертегі, іс, ата, ана, сандық, ойын.

кім? .....  
не?.....

82



#### Ақ серек пен көк серек

#### (ұлттық ойындар, спорт)

#### Ақ серек, көк серек

Ақ серек, көк серек,  
Бізден сізге кім керек?  
Ай керек-ау, ай керек,  
Айдың жүзі дөңгелек.

Ақ серек пен көк серек,  
Шауып алдым бәйтерек,  
Сонау тұрған Айнабектің өзі керек.



1. Өлең не туралы?
2. Өлең қайсы ұлттық ойын жайлы?
3. Қандай ұлттық ойындарды білесің?



**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. «Ақ серек, көк серек» ойынына неше ойыншы қатысады?
2. Ойынның шартын өзгертуге бола ма?
3. Сен қандай ойын шарттарын қосқан болар едің?



**2-тапсырма.** Өлеңді дәптерге көшіріп жаз.

Кім? кімдер? не? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздер адамның, жануарлардың және заттардың атын білдіреді: Айсұлу, кітап, қасқыр.

83

## 59-сабақ. Тақия тастау



Айжан, Марат, Мұрат, Айдос, Ернар, Бауыржан «Тақия тастау» ойынын ойнап жатыр. Айжан тақияны тастап жөнелді. Марат тақияны қолға алып сонынан жүгіре кетті. Айжан өте зерек қыз ол Маратқа ойын шартын бұзғаны жайлы айтып ренжіп қалды.



**1-тапсырма.** Мұғалімнің көмегімен «Тақия тастау» ойынының шартын айтуға әрекет жаса.



**2-тапсырма.** Суретке қарап мәтін құрастыр.



84

## 60-сабақ. **Тоғызқұмалақ**



**Тоғызқұмалақ** – қазақ халқының ұлттық ойыны. Ойын **тақтайшасында** он сегіз ұя бар. Әр ұяға **тоғызқұмалақтан** салынады. Ойынға екі адам қатысады. «Тоғызқұмалақ» ойыны кісінің ой өрісін **ұлғайтуға, тапқыштыққа, ұғымды, ұқыпты** болуға үйретеді.

Тоғызқұмалақ – спорт ойындарының бір түрі.



**Тапсырма.** Қазақтың ұлттық спорт ойындарының атын жаз. Оның ішіндегі қалаған спорт түрі туралы айт.

### 61-сабақ. Асық



Жаздың күні. Аспан шайдай ашық. Бір топ бала асық ойнауда. Бәрі де ойынның қызығына батқан. Қолдарындағы қорғасын сақаларын ширып, қаз-қатар тізілген асықтарды дәлдеп соғуда. Бүгін, шыны керек, Сапар

### III тарау. Денсаулық терең байлық

жақсы ойнады. Асық тігіп ойнау барысында ол он шақты асықты ұтып алды. Солардың арасынан және бір асықты таңдап алды да:

— Мына бір асық маған өте ұнап тұр. Қолға ұстайтын мықты сақа болатындей екен. Бұны мен қызыл бояуға бояп, ішіне қорғасын құямын, — деді.

Сөйтті де, қалған асықтарының бәрін де екі уысына толтырып алды. Содан соң бәрі де үй-үйлеріне қарай бет алды.

Нұргали Қадырбаев



1. Әңгіме не туралы?
2. Әңгімеге тақырып қой?



#### 1-тапсырма. Диалогты жалғастыр.

— Элия, сен наурыз мерекесі «Ұлыстыйң ұлы күні» деп аталатынын білесің бе?

— .....

— Наурызда қандай ұлттық ойындар ұйымдастырылады?

— .....



#### 2-тапсырма. Әңгімедегі Сапардың сөзін қатесіз дәптерге көшір.

## 62-сабақ. Арқан тарту



Спорт алаңында достарыммен «Арқан тарту» ойынын ойнадық. Бұл ойында біз екі топқа бөлініп ойнадық. Ойын шарты бойынша екінші топ женіске жетті. Азатбек, Нұржігіт, Ерасылдар алғыр ойыншылар. Келесі ойында бізде женіске жетеміз! – деген үмітпен ойын соңында шешім қабылдадық.



**1-тапсырма.** «Дені саудың – жаны сау» деп неліктен айтылады?



**2-тапсырма.** Көркем жаз.

Денсаулық – байлық негізі.  
Спорт – денсаулық кепілі.

87

## 63-сабақ. Спорт

Спорт, спорт, спорт,  
Денсаулыққа пайдалы.  
Секірген әрі жүгірткен  
Жаттықтырған адамды.  
Хоккей менен волейбол  
Допты теуіп қақпаға,  
Ойнаймыз біз футбол.  
Шаңғы, коньки, шанамен  
Биік таудан асамыз,

### III тарау. Денсаулық терең байлық

Бокс пенен күресте  
Алтын, күміс алғанбыз.  
Спорт сенің серігің –  
Жанға дауа, қолға күш.  
Сергітетін адамды-  
Қимыл менен қозғалыс.



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде қайсы спорт түрлері берілген?



**1-тапсырма.** Суреттегілер қай спортшының спорт құралы екенін айт.



**2-тапсырма.** Өлеңдегі спорт түрлерін көркем жаз.

## 64-сабақ. Спорт үйірмесі



Мектепте ашылып  
Спорттың үйірме,  
Жатырмыз жазылып.  
Кім қайда барады?  
Қай спорт түріне  
Барса топ жарады?!  
Сәкенге сүйікті  
Күрескен оңтайлы,  
Сыбанып білекті.  
Ал, бокс лайық  
Сәкенге бұзақы,  
Өзі түр сұранып.  
Төкенге дембелше  
Штанга келеді,  
Қара күш дем берсе.  
Бар мұның талабы  
Шахмат ойнауға,  
Тек Өскен жарайды.



89

*Ескен Елубай*



1. Өлең мазмұны бойынша мектебінде қандай үйірмелер бар?

Зат есім

Жекеше (түрі)  
Кім? Не?

Көпше (түрі)  
Кімдер? Нелер?

### III тарау. Денсаулық терең байлық

Кім? кімдер? деген сұрақтар адамдарға байланысты қойылады: аға, ата, аналар. Не? нелер? деген сұрақтар заттар мен жануарларға байланысты қойылады: кітап, машина, компьютер, кітаптар.



**1-тапсырма.** Суреттегі он айырмашылықты тауып айт?



**2-тапсырма.** Спорт үйірмесіндегі спортшылардың есімдерін буынға бөліп жаз.

Үлгі: Өскен – Өс-кен.

#### 65-сабак. Футбол



Айқай шу біздің көшеде,  
Шапқылап жүрген балалар.  
Доп қумай бала өсе ме,  
Қара тер бәрі, қарап ал,  
Ұрсады бірі «Шегінбе»!

«Тепсөңші, ей, енді бұлданбай!»  
Жеңілсе елдің алдында.  
Көрінер қайтып бұл жүртқа?!  
Жинады Камал достарын:  
«Аланды тастап аттама!»  
Жеңіске үлес қосқаның –  
Доп салсаң қарсы қақпаға.

Тәжік ақыны Г.Сафиевадан  
аударған Фариза Оңгарсынова



**1-тапсырма.** Суреттегі он айырмашылықты тауып айт?



### III тарау. Денсаулық терең байлық



**2-тапсырма.** Өлеңдегі Камалдың сөзін дәптерге көшіріп жаз.

#### 66–67-сабақтар. Хоккей



Мұз айдынында бір топ бала хоккей ойнады.

Шайба, шайба, – деген дыбыстар шығып жатты. Сол кезде Марат қарсыластар қақпасына шайба соқты.

Жарайсың, Марат! – деді балалар.



1. Мәтін не жайлышты?
2. Теледидардан хоккей ойынын көргенсің бе?



**1-тапсырма.** Суреттегі спорт түрлерін айт.





**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына кімдер? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді жаз.

Спортшы – ...  
Ойыншы – ...  
Күресші – ...  
Хоккейші – ...

доп – ...  
парашют – ...  
ракетка – ...  
шайба – ...



**3-тапсырма.** Суретте қайсы спорт түрлері берілген?



93



**4-тапсырма.** Мәтінді қатесіз көшіріп жаз. Заттың атын білдіретін сөздерді тап.

Ирода Төлегенова сегіз жасынан бастап теннис спортымен шұғылданады. Ол – спорт чемпионы.

## 68-сабак. Ирода Төлегенова



Ирода Төлегенова Ташкент қаласында дүниеге келген. Сегіз жасынан бастап Ирода бапкер Владимир Капланмен «Пахтакор» стадионының теннис кортында жаттығуды бастайды. Ол алғаш Лондонда қыздар арасында өткізілген Уимблдон турнирінде жеңіске жетеді. Одан соң Москва қаласында өткізілген қыздар арасындағы Дүниежүзілік ойындарда қола медаль жеңіп алды. Ирода 17 жасында қыздар арасында Азия чемпионы, ал ересектер арасында екі халықаралық турнирдің жеңімпазы атанды.

94



- Мәтін кім туралы?
- Ирода Төлегенова саған неліктен ұнайды?
- Өзбекстанда тағы қандай теннисшілерді білесін?



**1-тапсырма.** Мәтінді қатесіз көшіріп жаз.

Менің атым – Ақмарал. Мен спорт пен айналысамын. Күнде таңертең тұрып дene жаттығуларын жасаймын. Маған теннис спорты ұнайды. Мен атақты спортшы болғым келеді.

**2-тапсырма.** Бағанға бөліп жаз.

*Үлгі:*

Спорт түрі  
Теннис  
Ауыр атлетика

Спортшы  
Ирода Төлегенова  
Руслан Нуридинов

## 69-сабак. Мен не үйрендім?




- Пайдалы дәрумендер деп нелерді атайдыз?
- Жанат шиелерді кімге берді?
- Бұл тарауда сен қандай ұлттық ойындармен таныстыңың?
- Спорт түрлерін ата?
- Ирода Төлегенова кім?



### 1-тапсырма. Сәйкестендір.

1. Қолдарымен бір допты,  
Он екі ойыншы соқты.



2. Кімнің ұшқыр ойы?  
Сайысатын кімдер, айт,  
Үш раунд бойы?





**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді тауып жаз.

## Ат жарысы

Ұлттық спорт түрінің бірі – ... жарысы. Ат жарысы тек жазық жерлер мен ипподромдарда ....

Атты жарысқа дайындаудың үлкен маңызы бар. Егер ... дайындығы кем болса, ... жеңіске жете алмайды. Атты дұрыс баптап үйреткен ... ғана жеңіске жетеді.

**Қажетті сөздер:** Спортшы, аттың, ат, өткізіледі.

96



**3-тапсырма.** Дәптерінде жалғастыр.

|                    |                                |                |               |
|--------------------|--------------------------------|----------------|---------------|
| Пайдалы дәрумендер | Денсаулығымыз мықты болуы үшін | Ұлттық ойындар | Спорт түрлері |
|                    |                                |                |               |

## 70–71-сабактар. Қайталау



**1-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы және көшіріп жаз.

**Кім ойладап тапқан!**  
Сөздерді ең аяулы



Жақсы көріп жаттадым.  
Енді білдім оларды  
Кімнің ойлап тапқанын.  
Ана деген сөзді де,  
Аға деген сөзді де,  
Әке деген сөзді де,  
Тәте деген сөзді де,  
Ата деген сөзді де,  
Апа деген сөзді де,  
Ойлап тапқан балалар!



**2-тапсырма.** Суреттен пайдаланып диалог құрастырыңдар.

- Сенің әпке-ң бар ма?
- Менің әпке-м бар.
- Сенің қарындас-ың бар ма?
- Менің қарындас-ым бар.

— Сенің  -ң бар ма?

— Сенің  -ң бар ма?

— Сенің  -ң бар ма?

— Сенің  -ң бар ма?

97



**3-тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмалар:  
1. Қандай сөздер бас әріппен жазылады?





2. Жанұя сөзіне мағыналас қандай сөздерді білесіндер?
3. Сөйлем нелерден құралады?
4. Дыбыстар мен әріптердің айырмашылығы неде?
5. Дауысты дыбыстарды айт.
6. Дауыссыз дыбыстарды айт.



**4-тапсырма.** Айнұр мен Асқардың диалогын оқы.

Айнұр, саған қайсы мереке үнайды?



Маған 8-Наурыз әйел-қыздар мерекесі үнайды.



Маған Жаңа жыл мерекесі үнайды.

Асқар, саған қайсы мереке үнайды?



**5-тапсырма.** Жұмбақтардың жауабын тауып, дәптерлеріңе көшіріп жаз.

*Жалт-жұлт етеді,  
Ұстасаң еріп кетеді.*



*Есікті ашсам – ентелей кіреді,  
Сыртқа шықсам – еркелей үреді.*



**6-тапсырма.** «Мен табиғатты қорғаймын»  
тақырыбында өз жобаңды айт.

Табиғатты қорғау үшін істі нeden  
бастау керек?



Істі нeden бастайсың?



99

Бұл жұмыстардан кейін нелер өзгереді?



**7-тапсырма.** Мақалдарды көшіріп жаз. Тағы  
қандай мақалдар білесін?

Жаңбыр жауса жер ырысы.  
Таза ауа – дертке дауа.

**8-тапсырма.** Сұраулы сөйлем, бүйрықты сөйлем, лепті сөйлемдерге мысал келтір.

### Өткен тақырыптарды қайталау

#### Бірінші тарау бойынша тест-сұрақтары

1. Әкемнің әкесі маған – ..... болады.

- а) ата                          ә) әже                          б) апа

2. Аnamның ағасы немесе інісі маған – .....

- а) бөле                          ә) нағашы                          б) аға

3. Есет қалай жылдынды?

- а) от жағып  
ә) қалың қиініп  
б) еңбек етумен

4. Өзбекстанның астанасы қай қала?

- а) Самарқант                ә) Ташкент                б) Бұхара

5. «Отан» деген өлеңді кім жазған?

- а) Мекембай Омарұлы  
ә) Полат Момыш  
б) Қажым Жұмалиев

6. Оксана Чусавитина спорттың қай түрімен айналысқан?

- а) теннис                          ә) бокс                          б) гимнастика

7. Бокс бойынша олимпиада чемпионы кім?

- а) Елдар Шомуродов  
ә) Хасанбай Дусматов  
б) Руслан Нуридинов

**8. 1-маусым – халықаралық ..... күні.**

- а) әйел-қыздар ә) жаңа жыл
- б) балаларды қорғау.

**9. «Тұған күн» әңгімесіндегі баланың аты кім?**

- а) Бекболат ә) Есет б) Азамат

**10. Мекембай Омарұлы «Айналайын» өлеңінде Ай, Күн деп кімдерге айтады?**

- а) балаларға ә) достарына
- б) үлкендерге

**Екінші тарау бойынша тест-сұрақтары**

**1. «Су айналымы» әңгімесіндегі Аяулым неден көмек сұрады?**

- а) күннен ә) желден б) жаңбырдан

**2. Кемпіңосақтың неше түсі болады?**

- а) сегіз ә) алты б) жеті

**3. «Бидай мен кекіре» әңгімесінде қайсы қасиет туралы айтылған?**

- а) мақтаншақтық
- ә) жалқаулық
- б) әдепсіздік

**4. «Тұған өлке» әңгімесінде Нұржан нені көрді?**

- а) көгілдір аспанды
- ә) асқар тауларды
- б) қалың орманды

**5. Қыста құлағым үсіп кетті,  
Үсіп, ісіп кетті – деген жаңылтпашта  
қай мезгіл суреттелген?**

- а) күз ә) көктем б) қыс

**6. Қай жыл мезгілінде табиғат оянады?**

а) көктем ә) күз б) жаз

**7. Еті тамақ, жұні киім болатын жануарлардың қандай жануарлар деп атайды?**

а) жабайы жануарлар  
ә) үй жануарлары  
б) су жануарлары

**8. «Жанашыр Жандос» әңгімесінде Жандос қайсы жануарға жанашырлық жасады?**

а) қозы ә) құлын б) лақ

**9. Тасбақа ұясында неше жұмыртқа болады?**

а) 80 нен аса ә) 100 ден аса  
б) 50 ден аса

**10. Дельфиндердің пайдасы неде?**

а) адамдарға көмек береді  
ә) балықтарды жейді  
б) әдемі ән айтады

### **Үшінші тарау бойынша тест-сұрақтары**

**1. «Шие тергенде» әңгімесіндегі Қанаттың қателігі неде?**

а) шиенің сабақтарын сындырыды  
ә) шиені тойғанша жеді  
б) Қанат жинаған шиелерін атасына берді

**2. Көкөністер берілген қатарды көрсет?**

а) алмұрт, өрік  
ә) орамжапырақ, картоп  
б) алма, банан

- 3. Алма, жұзім, өрік, алмұрт бұлар – .... .**  
 а) жемістер ә) көкөністер б) өсімдіктер
- 4. «Жұзім жегісі келген қасқыр» ертегісінде қайсы жаман қасиет туралы айтылады?**  
 а) аңқаулық ә) ақымақтық б) көрсеқызыарлық
- 5. «Сәбіз» өлеңін кім жазған?**  
 а) Мекембай Омарұлы  
 ә) Әбдірахман Асылбек  
 б) Бейсебай Кірісбайұлы
- 6. Сәбізде қандай дәрумендер болады?**  
 а) А, В, С ә) Д, С, В б) А, Д, С
- 7. Адамға тіл не үшін керек?**  
 а) көру үшін ә) сөйлеу үшін б) тыңдау үшін
- 8. Ұлттық ойын қайсы қатарда көрсетілген?**  
 а) теннис ә) асық ойыны б) бокс
- 9. Бокс, футбол, теннис, бескетбол –**  
 а) спорт түрлері  
 ә) ұлттық ойындар  
 б) спорт үйірмелері
- 10. Доп қумай бала өсе ме,  
 Қара тер бәрі, қарап ал,  
 Ұрсады бірі «Шегінбе»! – спорттың  
 қай түрі берілген?**  
 а) баскетбол  
 ә) футбол  
 б) волейбол

*O'quv nashri*

# **ONA TILI VA O'QISH SAVODXONLIGI**

*1-qism  
(Qozoq tilida)*

*Umumiy o'rta ta'lif maktablarining  
1-sinfi uchun darslik*

Суретші Феруздек Матякубов

Редакторы Тәжібаев Айдын  
Көркемдеуші редакторы Сарвар Фармонов  
Техникалық редакторы Акмал Сулаймонов  
Дизайнер Дилмурад Мулла-Ахунов  
Компьютерде беттеген Феруза Хасанова

Басуға 01.07.2021 жылы рұқсат етілді.  
Пішімі 60×84<sup>1/8</sup>. Гарнитурасы «Arial». Кеглі 18.  
Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 12,09.  
Есептік баспа табағы 6,71. Тарапымы 6690.  
Тапсырыс № \_\_\_\_.

«Yangiyul Poligraph Service» ЖШҚ-ның баспаханасында басылды.  
112001. Ташкент облысы, Янгийул қаласы,  
Самарқанд көшесі, 44-үй.